

Ж.З. Тулеубаев*, Х.Б. Маслов, А.Т. Дукомбайев

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;
(E-mail: janiko86@mail.ru; hael_86@mail.ru; dukombaiev_1992@mail.ru)*

Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 ж. көтеріліс: қазақтардың қатысуы, тарихы және мәселелері

Мақала тақырыбының өзектілігі қазіргі кезеңдегі қазақтардың Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы мәселесінің жеткіліксіз зерттелуімен байланысты. Мақаланың мақсаты – қазақ халқының атқарған рөліне тарихи ретроспектива тұрғысынан (Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және әскери қимылдар кезеңіндегі) баға беру болып табылады. Осымен бірге, авторлар Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі империялық заңнамада бекітілген қазақтардың міндеттері мен құқықтарына назар аударады. Сонымен қатар, авторлар 1916 ж. азаттық көтерілістің себептері мен нәтижелері қарастырылады, жерлерді жаппай тартып алу және материалдық құндылықтардың үлкен бөлігін тәркілеу мен салықтарды ұлғайту мәселелеріне талдау жасайды. Авторлар 1916 ж. көтеріліс қазақтардың көп ғасырлық ұлт-азаттық көтеріліс тарихында ерекше орынға ие деген қорытынды шығарады.

Кілт сөздер: Бірінші дүниежүзілік соғыс, құқықтық мәртебе, 2016 ж. ұлт-азаттық көтеріліс, қазақтардың қатысуы, тарих, Қазақстан тарихы.

Кіріспе

Адамзат тарихында ең қанды соғыстардың бірі — Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан бері бір ғасырдан астам уақыт өткенімен бұл мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу әлі күнге дейін тарих ғылымының маңызды бағыттарының бірі. Бірінші дүниежүзілік соғыс әлемнің саяси картасындағы бірқатар империялар мен монархиялардың жойылып, жаңа мемлекеттердің пайда болуына септігін тигізді және өзінің кең көлемділігімен, көптеген шығындармен (адами т.б.) және халықтың ерекше категориясы — әскери тұтқындардың пайда болуымен ерекшеленеді. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысу бар барлық мәселелерге деген қызығушылықтың жоғары болуы соғыстың барысында әртүрлі ұлттардан тұратын миллиондаған адамдардың қолына қару алып, саяси, экономикалық, діни және т.б. сипаттағы қайшылықтарды шешуге деген ұмтылысымен және бұл соғыстың әлемдік, отандық тарихтың белгілі бір бетбұрысты кезеңіне ие болумен байланысты.

Бірінші дүниежүзілік соғыс мәселесі отандық және шетелдік тарихшылардың зерттеулерінде біршама жеткілікті түрде қарастырылған. Дегенмен, соғыстың негізгі майдандарындағы жойқын ірі шайқастардың аясында басқа кейбір маңызды оқиғалар көрінбей, назардан тыс қалып қойған. Осындай оқиғалардың қатарында бұл соғысқа қазақтардың қатысу мәселесі де бар. Әрине, Бірінші дүниежүзілік соғыстың Қазақстанға тікелей қатысуы бар және бұл қазақтардың соғыс майдандарындағы тыл жұмыстарға тартылуы, республиканың материалдық ресурстарының соғыс мұқтаждығы үшін тәркіленуімен т.б. белгілі. Осы себептен адамзат баласының тарихында қанды із қалдырған Бірінші дүниежүзілік соғыс патшалық Ресей отарындағы қазақ қоғамына елеулі ықпал етті. Тарихта болған Кенесары Қасымұлы көтерілісінен кейінгі бұлғақ жылдар халқымыздың тарихи жадынан ұлт-азаттық пен еркіндік ұғымдарын өшіре алған жоқ. Патша жарлығына қарсы халықтық бұлқыныс озбыр жүйенің қиянатына қарсы батыл үн көтерген ояну дәуірінің рухани және саяси бағытын ұштап, ұлт сана-сезімін серпілтті.

Осы себептен, қазіргі уақытта қазақ халқының тарих толқынындағы қилы кезеңдерін дүниежүзі тарихымен сабақтастықта қарастыру маңызды саналады. Ұлтымыздың азаттық жолындағы арпалысында басынан өткерген тағдыр-талайын танудағы ізденістер уақыт талабына сай жаңғыруда. Соның ішінде Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914-1918) және оған қазақтардың қатысуы мәселесі жүйелі зерттеу нысанына алына қоймаған өзекті мәселелердің бірі. Алайда соғыс майданының қара жұмысына алынған қыр перзенттерінің жай-күйі, қиын-қыстау күндері қандастарына қорған болған

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: janiko86@mail.ru

ұлт зиялыларының қайраткерлігі, соғысқа қазақ қауымының көмегі, бұл кезеңдегі сахараның саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігі тәуелсіздік биігінен жүйелі саралауды талап ететін көкейкесті тақырыптардың бірі болып отыр.

Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында шетелдік және отандық ғылымда өңделген формациялық және өркениеттің тәсілдермен байланысты принциптер және историзм мен объективтілік принциптері, жүйелілік принципі басшылыққа алынды. Жалпы ғылыми әдістердің қатарынан аналитикалық талдау, индуктивті және дедуктивті, сипаттау әдістері қолданылды. Тарих ғылымының арнайы әдістері қатарынан салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылды. Осымен бірге, Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақтардың санын анықтауда, демографиялық өзгерістерді айқындауда және соғыс қажеттіліктері үшін тәркіленген материалдық ресурстардың көлемін талдау барысында сандық статистикалық әдістер қолданылды. Аталған принциптер мен әдістер Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақтардың рөлін және соғыстың Қазақстанға тигізген салдарын зерттеуге және өткен оқиғаларды өзара байланыста, тарихи контексте талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Еуропа, Азия мен Африка құрлықтарынан 19 ел қатысқан және 4 жыл 3,5 айға созылған Бірінші дүниежүзілік соғысқа жалпы 70 миллионнан астам адам, оның ішінде Еуропа құрлығында 60 миллион адам жұмылдырылып, оның 10 миллионға жуығы қаза болды. Түрлі есеп бойынша 7-ден 12 миллионға жуық бейбіт халық қырылып, 1 миллионға жақын адам соғыс қимылдарының құрбаны болды [1; 8], ал жараланған халықтың саны 55 миллионға жеткен [2; 167]. Сонымен бірге, Бірінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы тарихи бетбұрыс жасаған бірнеше ірі төңкерістердің, атап айтқанда Ресей империясындағы патшалық билікті құлатқан 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен кенестік Қазан бүлігіне, Алманиядағы 1918 жылғы Қараша төңкерісінің басталуына түрткі болғаны белгілі.

Әрине, Бірінші дүниежүзілік соғыстың Қазақстан үшін де ауыртпалығы үлкен болды. Соғысқа әскери-өнеркәсіптік жағдайы тұрғысынан да, әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысынан да даярлықсыз енген Ресей мемлекеті соғыстың ауыр жүгін Қазақстан тарапына артқаны тарихи деректерден белгілі. Атап айтқанда, соғыстың алғашқы жылдары-ақ елдің өнеркәсіптік жағдайы 30%-ға төмендеді. Қазақстанның негізгі шаруашылық түрі мал шаруашылығы болуына орай, елден майданға негізінен азық-түлік пен шикізат жіберіліп отырылды. А.Н. Куропаткиннің мәліметтеріне сүйенсек, 1915 жылы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерінен ғана соғыс қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, миллион бас қой «қайырымдылық» ретінде жіберілген [3; 48]. Бұл әрине Қазақстан халқы тарапынан өз еркімен жүргізілген қайырымдылық емес екендігі белгілі. Себебі, орталықтан «қайырымдылық» шараларын жүргізу талап етілгендіктен, мәжбүрлі түрде берілген «қайырымдылық» екендігінде айтпай кетуге болмайды. Онсызда экономикалық тұрғыдан әлсіз далалық өлке үшін мұндай «қайырымдылықтар» оңайға түспеді. Бұған дейін де отаршыл империя тарапынан өзгеріске ұшыраған мал шаруашылығы, жұмыс күшінің, яғни еркектердің жаппай майданға шақырылуына байланысты дағдарысқа ұшырады. Дәстүрлі шаруашылық тоқырауға ұшырап, есесіне елде бақша дақылдарының егіс көлемі өсіп, шошқа шаруашылығы жедел дами бастады, ал бұл өз кезегінде дәстүрлі шаруашылықтың дамуына үлкен зиян келтірді. 1913-1917 жылға дейін қазақ халқынан жалпы көлемі 764,4 мың десятина жайылымдық алқаптың жылқы — ірі қара жайылатын 190 жайылымы алынып, жалға алуға даярланды. Басты байлығы жер саналатын қазақ халқының Жетісу өлкесінен 1914 жылға қарай 2703226 десятина, 1917 жылға қарай Семей, Орал, Торғай, Ақмола облыстарынан, Бөкей ордасынан 40638 миллион десятина жер алынды. Жайылымдық жерінен айырылған қазақ елі, дәстүрлі мал шаруашылығынан өзге өнеркәсіп орындарына, кеніштерге күн көрістік жұмыстар іздеп, кулактар мен байларға батырақ бола бастады. Мұның ауыр салдары ретінде атамекенді тастап кеткен 17 мың қазақ батырағы тіркелгендігі тарихи ақиқат [4; 89].

Осымен бірге, Бірінші дүниежүзілік соғыстың басты қатысушыларының бірі — Патшалық Ресейдің құрамындағы қазақтар мекендеген өлкелер майданды шикізатпен қамтамасыз етуге жұмылдырылды. Мысалы, соғыс қажеттілігі үшін халықтан алынатын алым-салықтың мөлшері бейбіт замандағымен салыстырғанда 4 есе көбейтілді. Салықтың түрі онға жетті. Қазақстан аумағынан майданға ет, киіз, мақта, сабын, балық, мақта майымен қатар күш-көлік, мініске деп 70

мың жылқы, 13 мың түйе жөнелтілген. Баспана ретінде 14 мың киіз үй алынған. Қазақстан аумағындағы кен орындары соғыс жағдайына жұмылдырылып, көмір, мұнай өндірістеріндегі жұмысшылардың жұмыс күні ұзақтығы 14 сағатқа жетті. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы күйзеліске ұшырады. Қазақ жеріне Үштік одақтың 230 мыңдай әскери тұтқындары әкелініп орналастырылды. Әскери тұтқындар өндіріске, жол салуға т.б. пайдаланылды [5].

Соғыс кезінде қымбатшылық орнап, ұнның бағасы Верныйда 218%-ға, ет — 225%-ға қымбаттаған [6; 32]. Бұл халықтың кедей және орташа топтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын өте төмен дәрежеге түсірді. Мұнан өзге — шаңырақ салығы артты. Ерікті қаржы жинау, әскери салық сияқты салықтың 10-ға жуық ауыр түрлері енгізілді. Мысалы, 1914 жылы қазақтардан 600 мың сом шаңырақ салығы жиналса, 1917 жылға қарай 1 миллион 200 сом жиналған, яғни салық көлемі екі есеге артқан [4; 90].

Соғыстың алғашқы үш жылында Түркістан өлкесінен өте көп мөлшерде мақта мен мақта майы, 474 мың балық, 299 мың пұт сабын, 70 мың жылқы, 13 мыңға жуық түйе, 38 пұт мың шаршы кез киіз, 441 киіз үй соғыс қажетіне жинап алынған [3, 416.]. Соғысқа қажетті деп саналған мұндай материалдық игіліктер халықтың еркінен тыс, күштеп алынған болатын. Халықтың мойнына ауыртпалық түсіріп жиналған бұл жағдайлар көтеріліске байланысты жазылған тарих естеліктерінде де кездеседі. Ол жайында 1885 жылы туылған, Кеген ауданы Қызылту колхозының мүшесі Алдаберген Қойшыбеков өзінің 1916 жылғы көтеріліс туралы айтқан естелігінде: «Мен болсам Жәйшібек Бектеновтің атын, су жұмысын істейтін малайы едім, інім Батырхан қойын жайған малайы. Сонда «31 жас, 19 жастағы балаларды солдатқа алады» дегенді естідім. Алдабергеннің жасы 31-де, Батырханның жасы 19-да болып шықты. Сонда естуімше көтеріліс алдында еріксіз, халықтың аттарын ала бастаған. Оның артынан кешікпей солдат аламыз деген хабар естілді», – [7; 7] деп атап көрсетеді.

Соғысқа байланысты жағдай ауырлай түскен уақытты Ресей патшасы II Николай 1916 жылы 25-маусымда «Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 жас аралығындағы 500 мың адамды қара жұмысқа алу туралы» жарлық шығарды. Ресей бодандығына кіргеннен бері мұндай жаппай шақырылым болмаған еді. Осы жарлық себебінен Қазақстан мен Орта Азияда ұлт-азаттық көтеріліс басталды. Бұл тек майданға қара жұмысшы болып баруға ғана қарсылық емес еді. Жерді тартып отаршылар есебіне алынуы, алым-салықтың шексіз көбеюі, ұлтараздық, шовинизмнің асқынуы — көтеріліске түрткі болды.

Қазақ өлкесінің соғысқа қатысты алғашқы қобалжуы әскер қатарына шақыру мүмкіндігі жайындағы алыпқашпа, күмәнді хабарлардан басталғаны мәлім. Өйткені, халық Ресей империясына бодан болғаннан бері мұндай міндеткерлік жүктелмеген. Сол себепті әскери қызмет қазақтар үшін күтпеген жағдай болды. Осымен бірге, қазақтардың Бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылуы жөнінде Алаш зиялыларының берген мәліметтерінен көруімізге болады. Мысалы, сол кезеңде шығып тұрған «Қазақ» газеті беттерінде сан алуан мақалалар осы мәселелерге арналған. Газеттің 1915-жылдың желтоқсанынан бастап № 166, 178, 179, 184-нөмірлері қазақтан әскер алынуы жайында материалдар басып шығарған. Мұндай мақалалардың мазмұны соғысты халықтың түсіністікпен қабылдағанын байқатады. Олар мұны әр халықтың басында болып тұратын қалыпты құбылыс ретінде ұғынғанын Алаш қайраткері М. Тынышбаев атап көрсетеді. Ол негізінен қазақтарды әскери қызметтің қай түріне (атты не жаяу әскер) алынатындығы ғана ойландырғанын жаза келе, былай дейді: «Қазақтардың көпшілігі (оның ішінде менде) казак-орыспен теңесіп, жерімізді сақтау мақсатында атты әскер қатарында қызмет етудің тиімділігін жақтадық. Қазақтардың тек аз ғана бөлігі жаяу әскер құрамында болуды қалады» [8]. Осындай шешілуі қиын мәселені Орталық үкіметке хабарлау үшін Ә. Бөкейханов бастаған өкілдер Петербургте болып қайтады. Сапардың барысы туралы жазып тұрған «Қазақ» газеті, қазақтан әскер алу кейінгі қалдырылғаны туралы хабарлады. Соған қарамастан «қазақтарға әскери қызметтің қайсысы қолайлы», – деген пікір маусым айына дейін толастамаған. Бірақ қазақтар майданға алынатын болған.

С. Меңдешевтің баяндамасына сәйкес бір ғана Түркістаннан тыл жұмыстарына 126 мың адам алынған [9]. Әбу Такеновтің «Он алтыншы жылғы ойран» [10] мақаласында соғыс майданына қатысқандардың санына қатысты келесідей мәліметтер көрсетіледі: Олардың «бұратаналық жұмысшы топтары» құрылды. Топтар үш түрлі болатын: 2000 кісілік, 1000 кісілік және 500 кісілік. Бірақ кейбір жерлерде топтар отрядтарға бөлініп, тіпті 250 кісілік отрядтарда болған. Партиялардың (топтардың) жалпы саны 33, ал Орталық әскери-тарихи мұрағатта олардың нөмірлері 42-ден 281-ге дейін, жалпы 39 топтың іс-қағаздары кездеседі, 1916 жылғы 29-тамызда Терістік және Түстік-Батыс

майданға және сол майдандағы жол қатынасының Вильно, Варшава және Киев округтеріне (аймақтарына) 33 топқа барлығы 74250 адам жіберілген [11; 74]. Жұмысшы қазақтар Батыс майданында, ал Маңғыстау қазақтары Кавказ майданына жіберілген.

1916 жылдың 20-желтоқсанындағы ақпарат бойынша шақырылуға тиіс адамдардың толмай жатқандығы байқалады. Атап айтқанда: Орал облысы бойынша — 14157, Торғай облысынан — 25737 адам кем алынған. 1916 жылы 2-шілдеде генерал-губернатор Сухомлинов Ақмола облысынан 26 мың адам алынғандығын хабарлайды. Семей облысынан 50 мыңға жуық адамды шақыру жоспарланған. 25-қыркүйек пен 19-желтоқсан аралығында белгіленген жоспарға сәйкес Ақмола облысынан 26000 адам емес, 42800 адамды тарту керектігі атап көрсетілген. Осымен бірге, 1916 жылғы желтоқсанда Земгордың (Армияны қамтамасыз ету бойынша жалпыресейлік земстволық және қалалық одақтардың комитеті) 9 инженерлік-құрылыс дружиналарында 12-13 мың қазақ жұмыс жасаған [11; 76]. Тарихшы М. Қойгелдиевтің мәліметтеріне сәйкес 1916-1917 жылдары тыл жұмыстарына 100 мың қазақ жұмылдырылған [12]. Бірақ, кейбір мәліметтерге сәйкес, соғыс майданына қатысқан қазақтардың саны одан да көп болған. Мысалы, 1-ші армия инженерлер басқармасының №20750 түбіртегіне сәйкес Минск губерниясының Борисов уезінде 1916 жылы 19-қазан — 28-қараша аралығында жеке меншік үйлерге 3600 жылқысымен бірге 158249 қазақ жұмысшы жайғастырылған. Бірақ, қазақтардың негізгі бөлігі армияны қамту басқармасының құзырында болған. 1916 жылғы 29-қыркүйектегі Жоғарғы Бас қолбасшы штабының басқарушысы генерал-адъютант Алексеевтің № 1337-ші бұйрығына сәйкес қазақтар Жоғары министрліктің тапсырмасына сай майдан аудандарына жеткізіліп, оларға Солтүстік майдан үшін Псков станциясы, Батыс майданы үшін Ор және Гомель станциялары, Оңтүстік-Батыс майданы үшін Харьков станциясы тағайындалды. Толықтай алғанда, үш майданның армиясын жабдықтау басқармасына 600 мың «жұмысшы бұратана» (әр майданға 200 мыңнан) жіберу жоспарланған [13].

Осымен қатар, Бірінші дүниежүзілік соғыстың қажеттіліктері үшін Қазақстан өнеркәсібі жұмыс істеді. Өлкедегі кен өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі — Өспен және Сасық-Қарасу кеніштерінен темір кенін өндіру арта түсті. Бұл кеніштерден 1914 жылы — 246 пұт, ал 1916 жылы — 1551 пұт темір кені өндірілді. Соғыстың үш жылы ішінде темір кенін өндіру 6,3 есе ұлғайды. Салықтардың жоғарылығынан, қатынас жолдарының қашықтығынан, құрал-жабдықтардың жетіспеуі салдарынан және басқа себептерден алтын кеніштерінің саны қысқарды. Түсті металдарға деген қажеттіліктердің артуы және олардың бағасының күрт өсуі соғыс жылдарында түсті металлургияның, әсіресе, Риддер және Сокольский кеніштерінің дамуына түрткі болды. Түсті рудалар өндіру 1913 жылмен салыстырғанда 1917 жылы 25,3 есе өсе түсті. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында мыс рудасын негізінен «Спасскмысрудалары» акционерлік қоғамымен «Атбасармыскендері» акционерлік қоғамы өндірді. Бірақта, мыс кенін өндіру жылдан-жылға кеми берді. Жер қойнауын жыртқыштықпен пайдалану «Спасскмыскені» акционерлік қоғамының Өспен кен ішіндегі барлық бай кенді (құрамындағы мыс 25%) алып қоюына әкеп соқты. Соғыс жылдарында Сарысу байыту фабрикасы салынды. Ол төңкеріске дейін құрамында 25-30% мыс бар 128 мың пұт шикізат өндірді. Көмір өндіру Семей, Торғай, Ақмола облыстарында жүргізілді. Соғыс жылдарында Екібастұз кен орындары елеулі рөл атқарды. Ол Екібастұз қорғасын-мырыш зауытын, Ертістегі жекеше кеме қатынасын, Оралдағы Боголовск және Қышым зауыттарын көмір мен жабдықтап отырды. Өңдеуші өнеркәсіп соғыс мұқтажына ет-сүт өнімдерін, былғары тауарлар және басқа да тұтыну заттарын беріп отырды. Әсіресе, былғары тауарларын өндіру өсті, бұл кезеңде өлкеде 139 былғары кәсіпорны жұмыс істеді. Олар негізінен Семей және Ақмола облыстарында орналасты және бүкіл ауылшаруашылық өнімінің 64,3% -ын өңдеді [4].

1916 ж. көтерілістің туындау заңдылығы XIX-XX ғасырлардағы әлемдік тарихпен, әсіресе Ресей империясының саяси тарихымен тығыз байланысты. Бұл көтеріліс Қазақстанның XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайынан туындады. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі қазақтардың басына жүктелген ауыртпалықтар 1916 ж. көтерілістің басталуының алғышарттарының бірі еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс Қазақстанды үлкен көлемдегі материалдық ресурстардан айырды, соның ішінде үлкен мөлшердегі әскери және азық-түлік салығы, мәжбүрлі түрде халықтан жиналған земстволық және жол жиындары бар. Ресей империясына тән болған өнеркәсіп, транспорт, коммуникация, ауылшаруашылығы және азықпен қамту салаларындағы тоқырау Қазақстанға да тарады. Атап айтқанда, Қазақстандағы ауылшаруашылығы өнімінің төмендеуі, егістік жерлердің және малшаруашылығы өнімдерінің қысқаруы байқалды. Осымен қатар, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде қала халықтарының

жағдайы мен өнеркәсіп орындарындағы ахуал нашарлады, азық-түлік өнімдеріне деген бағаның өсуі, жалақының төмендеуі байқалды. Осындай қалыптасқан жағдайға байланысты, 1916 ж. көтерілістің мақсаты — қазақтардың саяси тең құқықтарын талап ету, қанауға қарсы күресу, аграрлық мәселені әділ түрде шешуді талап етумен байланысты еді. Сондықтан, бұл көтеріліс соғысқа қарсы, антиимпериалистік, отарлауға қарсы және ұлт-азаттық көтеріліс сипатына ие болды.

Жоғарыда қарастырылған мәселелермен қатар, Бірінші дүниежүзілік соғыстың және 1916 жылғы көтеріліс осы кезеңдегі қазақ халқының демографиялық жағдайына да кері әсерін тигізді. Мысалы, 1914-1917 жылдардағы Қазақстандағы қазақ халқының санындағы өзгерістерге келсек, 1914 ж. 3963,5 мың адам, 1916 ж. 3908,8 мың адам, 1917 ж. 3615,1 мың адам есептеуге болады. Ал 1914-1916 жылдар аралығында қазақстандықтардың саны 54,7 мың адамға, 1916-1917 жылдары аралығында 294,3 мың адамға, ал, 1914-1917 жылдар аралығында 349 мың адамға кеміген [11; 77].

Қазақстан бойынша қазақтар санының күрт төмендеуі 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс кезіндегі өлім-жетім мен жазалаудан қашқандардың сыртқа ауа көшуімен байланысты. Мысалы, М. Тәтімөвтің есептеуінше, 1916 ж. шетке көшкендердің саны 400 мыңдай адамды құраған. Соған қоса, 1916 ж. қырғынның салдарынан 1917-1918 жылдары Қазақстанда ашаршылық орын алып, Түркістан өлкесінде 1114 адам аштан өлген [14]. Осылайша, өзіміз көріп отырғандай, барлық жағдайда да ауыртпалық қазақ халқының басына түсіп отырған. Айта кету қажет, Қазақстанның өзге өңірлеріндегі қазақтар саны 1914-1917 жылдар аралығында кеміген болса, Маңғыстау уезінде 700 адамға өскен.

Мұндай өсім жазалаудан қашқандардың Маңғыстауға қоныс тебуімен байланысты болған. Себебі, Маңғыстау өңірінде 1916 ж. көтеріліс Торғай және Жетісу облыстары секілді қатты тегеуренді жүрмеді. Маңғыстау уезі бойынша қазақтар саны 1914 ж. 72,4 мың адам, 1916 ж. 72,4 мың адам, 1917 ж. 73,0 мың адам болған (1-кесте) [11; 78].

1 - Кесте

1914-1917 жылдардағы қазақ халқының құрамындағы өзгерістер (мың адам) [11; 78-79]

Облыстар	1914 жыл	1916 жыл	1917 жыл
Ақмола	442,1	583,6	481,6
Орал	514,0	440,6	440,6
Торғай	480,8	490,2	490,2
Семей	686,8	681,7	630,34
Жетісу	602,6	580,6	509,1
Сырдария	835,3	1059,5	747,5
Маңғышлақ уезі	72,4	72,4	73,1
Ішкі Орда	329,5	Мәлімет жоқ	242,2
Барлығы	3963,5	3908,8	3614,5

Кестеден Жетісу, Сырдария, Семей және Орал облыстарында қазақ халқының біршама азайғандығын көруге болады. Мысалы, Жетісу облысы бойынша 93 мың адамға, Сырдария облысында 88 мың, Орал облысында 73 мың, Семей облысында 57 мың адамға азайған.

Қорытынды

Жоғарыда қарастырылған мәліметтерге талдау жасаудың негізінде Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Ресей империясының құрамындағы Қазақстанның құқықтық жағдайы мемлекет үшін борыштың салдарынан төмендей түсті деген қорытынды шығару болады. Бұл алым-салық көлемі мен санының ұлғаюында, әскери экономика қажеттілігі үшін малды мәжбүрлеп тәркілеуде, әскери қимылдар орын алған аудандардағы қорғаныс құрылыстарын салу үшін жұмысқа қабілеті бар ер адамдарды жұмысқа тартудан, жаңа әскери салықтың енгізілуінен, елдегі демографиялық жағдайдың күрт өзгеруінен т.б. анық көрінді. Сондықтан, қазақ халқы үшін Бірінші дүниежүзілік соғыс жаңадан қалыптасқан қарапайым емес сынаққа айналды. Қоныстандыру саясаты және соғыс майданының мұқтаждықтары үшін тәркілеулерді қамтыған Ресей империясының отарлау саясаты және 1916 ж. жарық көрген қазақтарды тыл жұмыстарына тарту жөніндегі жарлық көтерілістің басталуына түрткі болды. Өз кезегінде, 1916 жылғы бұл көтеріліс қазақтардың көп ғасырлық ұлт-азаттық көтеріліс тарихында ерекше орынға ие болды. Осы себептен, Бірінші дүниежүзілік соғыстың Қазақстан үшін салдары айтарлықтай жоғары болғандығын көре аламыз. Әрине, қазақтар соғыс майдандарындағы

кара жұмыстарды атқарып, адамзат тарихында ірі көлемдегі әскери шиеленістердің бірі болған Бірінші дүниежүзілік соғыста өздерінің айтарлықтай маңызды іздерін қалдырды.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауы негізінде жазылды (Грант АР13067722 «Қазақтарды Бірінші дүниежүзілік соғыстың тыл жұмыстарына жұмылдыру: жаңа фактілер мен материалдар»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 John Keegan. The First World War / John Keegan. — Hutchinson, 1998. — 475 p.
- 2 Klaus J. Bade. Migration in European History / J. Klaus // Allison Brown (tr.). The making of Europe. — Oxford: Blackwell, 2003. — P. 167-168.
- 3 Мусырман А.Ш. Казахстан в условиях модернизации XX – начало XXI веков / А.Ш. Мусырман. — Петропавловск: Полиграфия, 2007. — 269 с.
- 4 Дауытбекова М.К. I Дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы / М.К. Дауытбекова, Г.Б. Қозғамбаева / Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. — 2016. — №4 (83). — Б. 88-92.
- 5 Бірінші дүниежүзілік соғыс және Қазақстан [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://e-history.kz/kz/news/show/33201>.
- 6 Жумашев Р.М. История Казахстана с древнейших времен до наших дней / Р.М. Жумашев. — Караганда, 2003. — 595 с.
- 7 ҚР ОМА. — 427-қ. — 1-т. — 162-іс. — 7-п.
- 8 Брайнин С. Очерки по истории Алаш-Орды / С. Брайнин, Ш. Шафиро. — Алма-Ата, 1935. — 99 с.
- 9 Мендешов С. О национально-освободительном движении 1916 года. Доклад на совещании в комвузе им. Голощекина, посвященном 15-летию восстания 1916 года / С.Мендешов // Кітапта: Қаһарлы 1916 жыл (Құжаттар мен материалдар жинағы). — Алматы: Қазақстан, 1998. — Б. 2.
- 10 Такенов Ә. Он алтыншы жылғы ойран / Ә. Такенов // Қазақ тарихы. — 1993. — № 1. — Б. 52-57.
- 11 Құдайбергенова А. 1916 жылғы көтерілістің демографиялық салдары / А. Құдайбергенова // Отан тарихы. — 2007. — №4 (40). — Б. 73-86.
- 12 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы / М. Қойгелдиев. — Алматы: «Мектеп», 2008. — 480 б.
- 13 Жусип Х.А. Исторические аспекты участия казахов в Первой мировой войне [Электронный ресурс] / Х.А. Жусип, Х.Б. Маслов. — Режим доступа: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/232/244>.
- 14 Татимов М. Демографиялық кескін / М. Татимов // Кітапта: Қазақ. — Алматы, 1994. — 43 б.

Ж.З. Тулеубаев, Х.Б. Маслов, А.Т. Дукомбайев

Первая мировая война и восстание 1916 г.: участие казахов, история и проблемы

Актуальность темы статьи обусловлена недостаточной изученностью проблематики участия казахов в Первой мировой войне. Цель статьи — оценка роли казахского народа в исторической ретроспективе: накануне начала Первой мировой войны и в период военных действий. Авторами уделено внимание системе прав и обязанностей казахов, закреплённой имперским законодательством в период Первой мировой войны. Кроме того, рассмотрены причины и результаты восстания 1916 года, проанализированы вопросы массового изъятия земель, реквизиции огромного количества материальных ценностей на нужды войны и увеличения налогов. Авторы приходят к выводу, что восстание 1916 года занимает особое место в истории многовекового национально-освободительного движения казахского народа.

Ключевые слова: Первая мировая война, правовой статус, национально-освободительное восстание 1916 года, участие казахов, история Казахстана.

Zh.Z. Tuleubayev, Kh.B. Maslov, A.T. Dukombayev

The First World War and the uprising of 1916: participation of Kazakhs, history and problems

The relevance of the topic of the article is due to insufficient study of the problems of the participation of Kazakhs in the First World War. The purpose of the article is to evaluate the role of the Kazakh people in historical retrospect: on the eve of the First World War and during the military operations. The authors also pay attention to the system of rights and obligations of Kazakhs, established by imperial legislation during the First World War. Also, the article examines the causes and results of the uprising in 1916, analyzes the issues of mass seizure of land and the requisition of a large amount of material assets for the needs of the war, and issues of tax increases. The author concludes that the uprising of 1916 occupies a special place in the history of the centuries-old national liberation movement of the Kazakh people.

Keywords: First World War, legal status, national-individual uprising of 1916, participation of Kazakhs, history, history of Kazakhstan.

References

- 1 John, Keegan. (1998). *The First World War*. Hutchinson.
- 2 Klaus, J. Bade. (2003). *Migration in European History*. Allison Brown (tr.). The making of Europe. Oxford: Blackwell.
- 3 Musyrman, A.Sh. (2007). *Kazakhstan v usloviakh modernizatsii XX — nachalo XXI vekov* [Kazakhstan in the conditions of modernization of the 20th — early 21st centuries]. Petropavlovsk: Poligrafia [in Russian].
- 4 Dauytbekova, M.K., & Qozgambayeva, G.B. (2016). I Duniezhuzilik sogys zhyldaryndagy Qazaqstannyn aleumettik-ekonomikalq zhagday [The socio-economic situation of Kazakhstan during the First World War]. *Al-Farabi atyndagy Qazaq ul'tyq universitetinin khabarshysy. Tarikh seriiasy — Bulletin of the Al-Farabi Kazakh National University. History series*, 4 (83), 88-92 [in Kazakh].
- 5 Birinshi duniezhuzilik sogys zhane Qazaqstan [The First World War and Kazakhstan]. Retrieved from <https://e-history.kz/kz/news/show/33201> [in Kazakh].
- 6 Zhumashev, R.M. (2003). *Istoriia Kazakhstana s drevneishikh vremen do nashikh dnei* [History of Kazakhstan from ancient times to our days]. Karaganda [in Russian].
- 7 Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivy [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 427. — V. 1. — C. 162. — S. 7 [in Kazakh].
- 8 Brainin, S., & Shafiro, Sh. (1935). *Ocherki po istorii Alash-Ordya* [Essays on the history of Alash-Ordy]. Alma-Ata [in Russian].
- 9 Mendeshov, S. (1998). *O natsionalno-osvoboditel'nom dvizhenii 1916 goda. Doklad na soveshchani v komvuzhe imeni Goloshchekina, posviashchennom 15-letiiu vosstaniia 1916 goda* [About the national liberation movement of 1916. Report on the meeting in the Goloshchekin commune dedicated to the 15th anniversary of the 1916 uprising. Fierce year 1916.]. Kitapta: *Qakharly 1916 zhyl (Quzhattar men materialdar zhinagy)* — In the book: *The Cruel year 1916 (collection of documents and materials)*. Almaty: Kazakstan [in Russian].
- 10 Takenov, A. (1993). On altynshy zhylyg oiran [The destruction of the sixteenth year]. *Qazaq tarikhy — Kazakh history*, 1, 52-57 [in Kazakh].
- 11 Kudaibergenova, A. (2007). 1916 zhylyg koterilistin demografiialq saldary [Demographic consequences of the uprising of 1916]. *Otan tarikhy — History of the homeland*, 4 (40), 73-86 [in Kazakh].
- 12 Koigeldiev, M. (2008). *Alash qozgalysy* [Alash movement]. Almaty: «Mektep» [in Kazakh].
- 13 Zhusip, Kh.A. & Maslov Kh.B. *Istoricheskie aspekty uchastiia kazakhov v Pervoi mirovoi voine* [Historical aspects of the participation of Kazakhs in the First World War]. Retrieved from: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/232/244> [in Russian].
- 14 Tatimov, M. (1994). *Demografiialq keskin* [Demographic image]. “Qazaq” kitabynnda — In the book "Kazakh". Almaty [in Kazakh].